Список сервисных центров можно узнать у продавца или на сайте **www.kolner-tools.com**.

Импортер и уполномоченная организация по принятию претензий:

ООО «Союз»

432006, Россия, г. Ульяновск,
ул. Локомотивная, 14

Изготовитель:

ТАЙЧЖОУ ХУАНЯНГ ЭЛЕКТРИК
АНД МАЧИНЕРИ КО., ЛТД
(TAIZHOU HUANYANG ELECTRIC
AND MACHINERY CO., LTD.)

Адрес: ДЖИАНГЖИА ВИЛЛАДЖ,
ЗЕГУО ТОВН, ГОРОД ВЭНЬЛИН,
ЧЖЕЦЗЯН, КИТАЙ
(JIANGJIA VILLAGE, ZEGUO TOWN,
WENLING CITY, ZHEJIANG, CHINA)

Сделано в КНР

Дата изготовления указана на серийном номере. В соответствии со стандартом изготовителя серийный номер содержит: номер заказа / месяц и год изготовления / порядковый номер изделия.



ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Генератор	Однофазный, самовозбуждаемый
Двигатель	Однocyлиндровый, 4-х тактный
Мощность двигателя	7 л.с.
Объем двигателя	212 см ³
Обороты на холостом ходу	3600 об/мин
Выходное напряжение/Частота	220 В ± 10% / 50 Гц
Номинальная выходная мощность	2700 Вт
Максимальная выходная мощность	3000 Вт
Постоянное напряжение	12В (8,3А)
Коэффициент мощности (cos φ)	0,9
Емкость топливного бака	15 л
Емкость масляного картера	0,6 л
Топливо	Бензин АИ-92
Масло	Класс SAE: 10W-30, 10W-40. Сорт API: S
Способ охлаждения	Воздушное
Время непрерывной работы	8-10 часов
Система регулировки напряжения	Автоматическая
Система зажигания	ТСИ
Система запуска	Ручной стартер
Система контроля аварийного уровня масла	Есть
Срок службы	3 года
Габаритные размеры	585x425x420 мм
Масса	38 кг

Бензинді генератор тұрмыстық мұқтаждықтар аясында тұрмыстық электр құралдары, электр аспаптары секілді бір немесе бірнеше электрді тұтынушылар үшін электр энергиясын апаттық немесе автономды көзі ретінде мобильді қолдануға есептелген.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

1. Аталған бұйымды осы нұсқаулықта аталғандардан басқа кез келген мақсаттар үшін қолданбаңыз.
2. Бұйымды біліксіз, кәметтік жасқа толмаған немесе бұйымды қолдануға физикалық қабілеттері жеткіліксіз тұлғалардың қолдануларына жол бермеңіз. Бұйымды басқа тұлғаларға берген жағдайда оны қолдану ережелері жөнінде толығырақ айтыңыз және аталған нұсқаулықпен таныстырыңыз.
3. Бұйымды немесе оның жеке-лей бөліктерін суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз.
4. Бұйымды егер жану немесе жарылыс қаупі бар болған жағдайда, мәселен, тез жанғыш сұйықтықтар мен газдардың маңында қолданбаңыз.
5. Бұйымды оның негізгі тұтқасынан ұстай отырып жылжытыңыз.
6. Бұйымды іске қосулы күйде жылжытпаңыз.
7. Жұмыс аймағында балалардың, жануарлардың немесе бөгде тұлғалардың болуларына жол бермеңіз.
8. Генераторды бөлменің ішінде немесе тіпті терезелер мен есік ашық кезде жаман желдетілетін орындарда қолданбаңыз.
9. Бұйыммен жұмыс жасау кезінде жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Қажет болған жағдайда арнайы қолғаптарды, көзілдіріктерді және құлаққаптарды қолданыңыз.
10. Жұмыс жасау кезінде ешбір бөліктері бұйыммен жанаспайтындай қолайлы киімді кию ұсынылады. Сонымен бірге Сізде қажетсіз салдарларды шақыратын немесе жұмысқа кедергі жасай алатын ештеңе жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.
11. Бензинді генераторды оның тек ме-

талл қаңқасынан ғана ұстау арқылы жылжытыңыз.

12. Бұйымның тоқтап қалуын шақыратын жүктемеге жол бермеңіз.

13. Іске қосулы бұйымды назарсыз қалдырмаңыз.

14. Генераторды және электр энергиясын тұтынушыларды кез келген ақаулықтар орын алған жағдайда; техникалық қызмет көрсету кезінде; жұмыс аяқталғаннан кейін; күштік кабелдің немесе электрді тұтынушының бүлінуі кезінде.

15. Бұйыммен жұмыс жасау кезінде жерге тұйықталған заттармен жанаспаңыз (мәселен, құбыр желілеріне, жылыту радиаторларына, газ плиталарына, тоңазытқышқа).

16. Сіздің бұйымды қолданбаған кезіңізде оны әрдайым электр желісінен ажыратып отырыңыз, сонымен қатар:

- кез келген ақаулықтар кезінде;

- құрал-сайманын ауыстырудың немесе тазалаудың алдында;

- жұмыс аяқталғаннан кейін.

17. Бұйымды оны құлап қалғаннан кейін немесе егер онда бүлінудің қандай да болмасын іздері көрінсе қолданбаңыз. Диагностика мен жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталықпен хабарласыңыз.

18. Жөндеу және техқызметкөрсету аталған нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек.

19. Жөндеу және техқызметкөрсету үшін тек авторландырылған сервистік орталықтарға жүгініңіз.

20. Бұйымды бүлдіруі мүмкін жуғыш заттарды қолданбаңыз (бензин немесе басқа да агрессивтік заттар).

21. Балаларға бұйымға жанасуға рұқсат бермеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

АТАЛҒАН БҰЙЫМДЫ АЛКОГОЛЬДІК НЕ-МЕСЕ ЕСІРТКІЛІК МАСАЙҒАН КҮЙДЕ НЕМЕСЕ ШЫНДЫҚТЫ ОБЪЕКТИВТІ ҚАБЫЛДАУҒА КЕДЕРГІЖАСАЙТЫН БАСҚА ДА ШАРТТАРДА ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, ЖӘНЕ БҰЙЫМДЫ ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРДАҒЫ АДАМДАРҒА СЕНІП ТАПСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ!

**БЕНЗИНДІ ГЕНЕРАТОРДЫ
ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ.**

1. Генераторды жылу көздерінің, ұшқындардың және оттың маңында іске қосуға және қызмет көрсетуге тыйым салынады.
2. Отынды жақсы желдетілетін жерде, қозғалтқыштың тоқтауы кезінде, жалындардан немесе ұшқындардан алыста құйыңыз.
3. Отын буларының ішке жұтудан аулақ болыңыз және отынның теріге тиіп кетуіне жол бермеңіз.
4. Отын булары өте ыстық болып табылады және қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін тұтануы мүмкін. Іске қосудың алдында қую кезінде төгіліп қалған отынның толықтай кетірілгеніне, ал отынды бактың қақпағы тығыз жабық екендігіне көз жеткізіп алыңыз.
5. Генераторды жоғары ылғалдылық шарттарында (жауын-шашындар, бассейндердің немесе суару жүйелерінің маңында) пайдалануға тыйым салынады.
6. Генераторды орталық электрмен жабдықтау жүйесіне қосуға тыйым салынады.
7. Бір генераторды басқасына қосуға тыйым салынады.
8. Генераторды жүктемемен іске қосыруға тыйым салынады.
9. Бензинді генератордың жұмыс жасау орнын жеткілікті желдетумен қамтамасыз етіңіз. Пайдаланылған

газдар улы көміртегі оксидінен тұрады – исі жоқ түссіз газ, немесе тұншықтырғыш газ. Пайдаланылған газдарды ішке жұту естен тануға және өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін. Генераторды бөлмелердің ішінде немесе тіпті әйнектері мен есіктері ашық кезде де нашар желдетілетін жерде қолданбаңыз.

10. Генераторды жұмыс жасап тұрған уақытында бірдеңемен жабуға тыйым салынады.

11. Пайдаланылған газдардың бәсеңдеткіш түтіктен шығысын толықтай немесе жартылай шектеуге тыйым салынады. 12. Генератор арқылы өңделетін электр тоғымен жұмыс жасау кезінде аса мұқият болыңыз. Жабдық қате қолданған жағдайда ауыр зақымдалуды немесе өлімді шақыра алатын электр энергиясының жеткілікті мөлшерін өңдейді.

13. Жұмыс кезінде генераторға дымқыл қолдармен жанаспаңыз.





14. Генераторды ашық ауада сақтау кезінде жұмысты бастаудың алдында әр ретте барлық электр компоненттерін мұқият тексеріп отырыңыз.

15. Тезтұтанатын материалдарды генератордан алыста сақтаңыз, өйткені шығарушы жүйе жанудың орын алуына жеткілікті түрде қатты қыздырылады.

16. Генератор жұмыс жасап тұрған уақытта бәсеңдеткішке жанаспаңыз, өйткені бұл ауыр күйіктерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

17. Егер генератор ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын немесе автомобиль көлігімен тасымалданатын болса бактағы және карбюратордағы отынды төгіңіз.

18. Бензинді генераторды, отынды және майды балаларға және жануарларға қолжетімді емес жерде сақтаңыз.


ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

- | | |
|---|---------------------------------|
| 1. Ажыратқыш қозғалтқышты | 14. Қозғалтқыш |
| 2. Отынды бактың қақпағы | 15. Желдеткіш саңылаулар |
| 3. Вольтметр | 16. Металл қаңқа |
| 4. Тұрақты тоқтың клеммалары | 17. Ауа сүзгісі |
| 5. Тұрақты тоқтың тізбектер үзгіші | 18. Дроссельді жапқыштың тетігі |
| 6. Отын деңгейінің индикаторы | 19. Отындық шүмек |
| 7. Айнымалы тоқтың резеткісі | 20. Қол стартер |
| 8. Айнымалы тоқ тізбектерінің үзгіші | 21. Отындық бак |
| 9. Жерге тұйықтау клеммасы | 22. Оталдыру білтесі |
| 10. Альтернатор | 23. Карбюратор |
| 11. Өлшегіш өзекпен май құйғыш қылтаның қақпағы | 24. Газ шығаратын түтік |
| 12. Май ағызғыш саңылаудың тығыны | 25. Бәсеңдеткіш |
| 13. Қозғалтқыштың көпшігі | |

ЖЕТКІЗІЛІМ ЖИЙНТЫҒЫ

1. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
2. Бензинді генератор
3. Аккумуляторлық батареяларды зарядтауға арналған клеммалар
4. Желілік кабелді қосуға арналған айыр (2 дана)
5. Білтелік кілт
6. Резеңкеленген аяқшалар (4 дана)

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Генератор бакта отынсыз және қозғалтқыштың қартерінде майсыз жеткізіледі. Сатып алған кезде қозғалтқышқа май құю керек. Генераторды майсыз іске қосуға тыйым салынады.

МАЙ


Әрбір қолдану алдында оны тегіс бетке қоя отырып генератордың қартеріндегі май деңгейін тексеріп алыңыз. Генератордың қозғалтқышын майлау жүйесінде төрт тактілі қозғалтқыштарға арналған және SG, SF (API бойынша) өз класының сипаттамалары бойынша жауап беруші немесе артып кетуші майды қолдану қажет.

ЕСКЕРТУ: машина майы – бұл қозғалтқыштың жұмысы мен қызметтік мерзіміне тікелей әсер ететін негізгі шығындық элементтердің бірі. Екі тактілі қозғалтқыштарға арналған қоспасым май қозғалтқышты бүлдіреді, сондықтан олар ұсынылмайды. Генераторды температураның барлық ауқымында қолдану кезінде SAE 10W-30 майын қолдану ұсынылады. Төмен температура кезінде SAE 5W-30 майын құю ұсынылады.

1. Майды тексеру үшін май құйғыш қылтаның қақпағын (11) бұрап босатыңыз.
2. Өлшегіш өзекті сүртіңіз.
3. Өлшегіш өзекті оны бұрамай құйғыштың мойнына (а) қойыңыз.



4. Май деңгейі өлшегіш жақта төменгі белгіден жоғары болуы керек.
5. Қажет болған жағдайда майды май құйғыш қылтаның жоғары деңгейіне (6) дейін құйыңыз.
6. Май құйғыш қылтаның қақпағын бұрап бекітіңіз.
7. Төгілген мотор майын жылдам кетіру керек.




ОТЫН


Отын ретінде АИ-92 автомобильдік этилдендірілмеген бензин қолданылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Этилдендірілген бензинді қолдануға тыйым салынады, себебі ол цилиндрде, оталдыру білтелерінде түрлі тұндырғыларға әкеліп соқтырады және қозғалтқыштың және шығарғыш жүйенің қызметтік мерзімін қысқартады.

1. Бензогенераторды сөндіріңіз және оның суынуына бірнеше минут уақыт беріңіз.
2. Отын деңгейінің индикторын (6) тексеріңіз.




3. Жүйедегі қысымды тастау үшін отынды бактың қақпағын (2) баяу бұраңыз.



4. Қажет болған жағдайда бакқа (21) бензин құйыңыз. Бензинді отын сүзгісінің

жиегінен жоғары құймаңыз.

5. Отын бағының қақпағын тығыз бұрап бекітіңіз.

ТОПЛИВНЫЙ ФИЛЬТР


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Отынды бакты толтырмаңыз, себебі қызу кезінде отын кеңейеді.

Мерзімі өткен, лай бензинді немесе май/бензиннің қоспасын ешқашан қолданбаңыз. Лайдың немесе судың отын бағына түсіп кетуін болдармаңыз. Үлкен жүктемелердегі жұмыс барысында сіз «детонацияның» (металлдық дыбыс) жеңіл дыбысын ести аласыз. Егер .. дыбысы қозғалтқыштың тұрақты жылдамдығы кезінде, қалыпты жүктеме кезінде шығатын болса, отынның маркасын ауыстырыңыз. Егер детонацияның дыбысы қалып қойса, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Генераторды тұрақты металлдық дыбыс немесе детонациялар кезінде пайдалану қозғалтқыштың бүлінуді шақыруы мүмкін.

ПАЙДАЛАНУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жұмыстың алғашқы 20 сағатының ішінде бензинді генераторға оның атаулы қуатынан 50% -ға артық жүктемеңіз.

ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ

Генератордың жерге тұйықталу клеммасы (9) электр тоғын таратпайтын генератордың жақтауымен (корпусымен), генератордың металл бөліктерімен, және айнымалы тоқтың әрбір шығыс резеткелерін жерге тұйықтаушы клеммаларымен қосылған. Жүйелік жерге тұйықтау айнымалы тоқтың нөл сымна қосылмаған.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Генераторды қолданудың алдында жерге тұйықтақ кабелін клеммаға (9) қосу қажет. Клеммадан жерге тұйықтау кабелін жерге енгізілген қадауға немесе жерге тұйықталған өткізгішке қосу ұсынылады. Егер осындай жерге тұйықтау мүмкін болмаса, онда жерге тұйықтаушы кабелді генераторға қосылған электр жабдығының немесе құралдың жерге тұйықтаушы шығысына қосыңыз.



ОТЫНДЫҚ ШҮМЕК.

Отындық кран (19) отын бағы (21) мен карбюратордың (23) арасында орналасады. Клапанның тетігі ҚОС күйінде тұрған кезде, отын отын бағынан карбюраторға ағады.


Қозғалтқыштың тоқтауынан кейін Сіздің тетікті АЖЫР күйіне қайтарғаныңызға көз жеткізіңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тасымалдау кезінде генератордың шүмегі жабық болуы керек.

СТАРТЕР

Стартерді іске қосу үшін кедергіні сезінгенше дейін стартердің тұтқасына аздап тартыңыз, содан кейін қатты тартыңыз.



ЕСКЕРТУ: стартер баусымының кері серпілуіне және қозғалтқышқа тұтқасымен соғылуына мүмкіндік

бермеңіз. Тұтқаны қозғалтқыштың бүлінуін болдырмау үшін бастапқы күйіне жұмсақ қайтарыңыз.

ДРОССЕЛЬДІ ЖАПҚЫШ


Дроссель суық қозғалтқышты іске қосу кезінде отын қоспаларын бензинмен байыту үшін қолданылады. Сіз дроссельді жапқышты қолмен басқара аласыз. Қозғалтқышты іске қосудың алдында дроссельді жапқышты (18) жабу, ал қозғалтқыштың қызуынан кейін – ашу ұсынылады.



ТІЗБЕКТЕРДІҢ ҮЗГІШІ


Тізбектердің автоматты үзгіші (8) генератордың электр шығысын бақылау үшін қолмен қосылады және сөндіріледі. Тізбектердің үзгіші сонымен бірге қысқа тұйықталулар немесе генератордың елеулі асқын жүктелуі кезінде автоматты ажыратылады.

Егер тізбектердің үзгіші автоматты ажыратылса, қайта қосудың алдында генератордың дұрыс жұмыс істеп тұрғанына және жалпы жүктеменің максималды рұқсат етілетін шамадан аспайтындығына көз жеткізіңіз.



ТҰРАҚТЫ ТОҚ.

Тұрақты тоқтың клеммалары (4) 12 вольттық аккумуляторлық батареяларды зарядтау үшін ғана қолданыла алады.



ЕСКЕРТУ: 3 кВт дейінгі генераторлар 50А дейінгі, 5,5кВт дейінгі – 80А дейінгі аккумуляторлық батареяларды зарядтай алады.

Клемманы автомобильге орнатылған батареяға қосудың алдында, одан минустық кабелді ажыратыңыз. Клеммалар тұрақты оң полюсті (+) көрсету үшін қызыл түспен және теріс полюсті (-) көрсету үшін қарамен боялған. Батарея генератордың тұрақты тоқтың клеммаларына тиісті қарама-қарсылықпен (батареяның плюсі генератордың қызыл клеммасына және батареяның минусы генератордың қара клеммасына) қосылуы керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Автомобильді батареяны зарядтаушы кабелдер қосылып тұрған және генератор жұмыс істеп тұрған кезде іске қоспаңыз. Бұл генератордың, сонымен бірге автомобиль электроникасының бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

МАЙ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕГЕН КЕЗДЕГІ ҚОРҒАНЫС ЖҮЙЕСІ

Майдың төмен деңгейі жөнінде сигнал беру жүйесі қартердегі жеткіліксіз май мөлшерінен қозғалтқыштың бүлінуін ескертуге арналған. Қартердегі май деңгейінің қауіпсіз шектен төмендеуінің алдында. Майдың төмен деңгейі жөнінде

сигнал беру жүйесі қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатады, қозғалтқыштың тұтандыру тетігіндегі кілт ҚОС күйінде қала береді.

ГЕНЕРАТОРДЫ ІСКЕ ҚОСУ

1. Отындық шүмекті ашыңыз.
2. Ажыратқыш қозғалтқышты тетігінде ҚОС күйіне ауыстырыңыз.



3. Қажет болған жағдайда дроссельді жапқышты жабыңыз.
4. Іске қосыңыз қозғалтқыш көмегімен қолмен стартер.



5. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, 1 минуттан кейін қайтадан іске қосуды жүргізіңіз.
6. Прерыватель (8) айнымалы ток тізбегінде ауыстырыңыз ережеге ҚОСУ.
7. Құралдың (немесе құрылғының) желілік кабелінің істікшесін резеткіге

қосыңыз.

Кейбір құрылғылар іске қосу кезінде атаулы тоқты көптеу тұтынады. Резеткілердің әрқайсысына көрсетілген тоқ шегін асырмаңыз. Егер артық жүктелген тізбек тізбектердің үзгішінің ажыратылуына әкеліп соқтырса, тізбектегі электр жүктемені кемітіңіз, бірнеше минут тоса тұрыңыз және тізбектердің үзгішін қайта іске қосыңыз.

ЕСКЕРТУ: қосудың алдында қосылушы құрылғының және желілік баусымның жарамдылығына көз жеткізіп алыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер құрал қате жұмыс істей бастаса, оны жылдам сөндіріңіз, генератордан ажыратыңыз және қосылушы құралдың немесе генератордың атаулы рұқсат етілетін жүктемесінің артып кетуінің туындаған мәселенің көзі болып табылуы мүмкін бе екендігін анықтаңыз.

ЕСКЕРТУ: максималды қуатта жұмыс жасауға арналған уақытша шектің артуы немесе генератордың аздап асқын жүктелуі тізбектерді үзгішті ажыратауы мүмкін, бірақ генератордың қызметтік мерзімін қысқартатын болады. Максималды қуаттағы жұмысты 5 минутқа дейін шектеңіз.

ГЕНЕРАТОРДЫ ТОҚТАТУ

Қалыпты жұмыс жасау уақытында:

1. Айнымалы тоқтың тізбектер үзгішін АЖЫР күйіне ауыстырыңыз.
2. Генератордан барлық жүктемені және тұрақты тоқтың батареясына арналған зарядтау кабелдерін ажыратыңыз.
3. Кілтті қозғалтқыштың тұтандыру тетігінде АЖЫР күйіне бұраңыз.
4. Отындық шүмекті АЖЫР күйіне бұраңыз.

Төтенше тоқтату кезінде:

1. Кілтті қозғалтқыштың тұтандыру тетігінде АЖЫР күйіне бұраңыз.

2. Генератордан барлық жүктемені және тұрақты тоқтың батареясына арналған зарядтау кабелдерін ажыратыңыз
3. Тізбектердің үзгішін АЖЫР күйіне ауыстырыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Пайдаланылған газ көміртектің улы оксидтерінен (иіс газы) тұрады. Қозғалтқышты техқызмет көрсету бойынша кез келген жұмыстарды орындаудың алдында ажыратыңыз. Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұруы керек болса, орынның жақсы желдетілетіндігіне және тізбектер үзгішінің АЖЫР күйіне тұрғандығына көз жеткізіңіз.

Сақ болыңыз, жұмыс уақытында қозғалтқыштың бәсеңдеткіші қатты қызатын болады.


1. Барлық бұрандалардың сенімді бекітілгендіктерін тұрақты тексеріп отырыңыз. Босап қалған бұранда анықталған кезде оны жылдам тартып бекітіңіз. Кері жағдайда Сіз өзіңізді жарақат алу қаупіне ұшыратасыз.
2. Жұмыстан кейін генераторды әбден сүртіңіз.
3. Желдеткіш саңылаулардың (15) әрдайым таза болуларын қадағалаңыз.
4. Корпустық бөлшектерді сүртіп тазарту үшін ащы химиялық заттарды және сұйықтықтарды қолдануға тыйым салынады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Генераторды тазалау үшін суды қолдануға тыйым салынады.


МАШИНА МАЙЫН АУЫСТЫР

ЕСКЕРТУ: отындық қозғалтқыштан майды ағызып отыру ұсынылады, өйткені бұл қозғалтқыш қартерінен пайдаланылған майды тез және толық кетірумен қамтамасыз етеді.

1. Ағызғыш тығынды (12) және нығыздаушы тығырықты шешіңіз.
2. Май құйғыш қылтаның қақпағын (11) шешіңіз.



3. Майды төгіңіз.



4. Нығыздаушы тығырықты және май ағызғыш саңылаудың тығынын қайта орнатыңыз.
5. Тығынды тығыздап бекітіңіз.
6. Ұсынылған майды құйыңыз.
7. Деңгейін тексеріңіз.
8. Май құйғыш қылтаның қақпағын орнатыңыз.

АУА СҮЗГІСІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ.

Ластанған ауа сүзгісі карбюраторға ауа ағынының келіп түсуіне бөгет болады. Ақаулықтарды болдырмау үшін ауа сүзгісіне тұрақты қызмет көрсетіп отыру ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сүзгіш элементті тазалау үшін бензинді немесе жанғыш ерітіндіні қолдану өртті немесе жарылысты шақыруы мүмкін. Тек сабынды суды немесе жанбайтын ерітіндіні ғана қолданыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Генераторды ешқашан ауа сүзгісіз пайдаланбаңыз. Бұл қозғалтқыштың тез тозуына әкеліп соқтырады.


1. Ауа сүзгісі (17) қақпақтарының қысқыштарын босатыңыз.

17 ЗАЖИМ



ЗАЖИМ

2. Ауа сүзгісінің қақпағын шешіңіз және сүзгіш элементті (а) шығарыңыз.



3. Сүзгіш элементті тұрмыстық жуғыш құралдың ерітіндісінде және жылы сумен жуыңыз.
4. Сосын сүзгіш элементті жанбайтын ерітіндіде немесе тұтану температурасы жоғары ерітіндіде әбден жуыңыз.
5. Элементті таза машина майына салыңыз және майдың артықтарын сығып кетіріңіз. Қозғалтқыш егер элементте тым көп май қалып қойса бірінші рет іске қосу кезінде түтіндейтін болады.
6. Ауа сүзгісінің қақпағын мұқият жуыңыз.




7. Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін (a) және қақпағын қайта орнатыңыз.

ОТАЛДЫРУ БІЛТЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


KGEG 3000M: GX160 бензинді генераторы үшін ұсынылатын оталдыру білтелері

Қозғалтқышты лайықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін оталдыру білтесі дұрыс орнатылған болуы және түзілімдерді құрамауы тұндыру керек.

1. Оталдыру білтесінің (22) қақпақшасын (a) шешіңіз.



2. Білтенің табанының маңайындағы кірді кетіріңіз.
3. Оталдыру білтесін шешу үшін білтелік кілтті қолданыңыз.
4. Оталдыру білтесін мұқият қарап шығыңыз. Егер оқшаулағыш жарылса немесе бүліну іздері болса білтені ауыстыру қажет болады.
5. Егер білте қайта қолдануға жарамды болса, оны сымды шөткемен мұқият тазалаңыз.



6. Білтенің саңылауларын саңылауларды өлшеуге арналған аспаппен өлшеңіз.
7. Қажет болған жағдайда қапталдық электродты абайлап ие отырып реттеңіз. Саңылау келесідей болуы керек: 0.70-0.80 мм (0.028 – 0.031 дюйм).
8. Білтенің тығырығын тексеріңіз. Оның жақсы күйде екеніне көз жеткізіңіз.
9. Білтені қолмен тартып бекітіңіз.
10. Білте өз орнына қонғаннан кейін тығырықта қысу үшін оны білтелі кілтпен бұрап бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ: Жаңа оталдыру білтелерін орнату кезінде тығыздағыш тығырықты қысу үшін оны білтелік кілтпен жарты айналымға тартып бекітіңіз. Бұрын қолданылған білтені орнату кезінде оны орнатқаннан кейін тығыздағыш тығырықты қысу үшін $1/8 - 1/4$ айналымға тарту қажет.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Оталдыру білтесі сенімді тартылған болуы керек. Қате орнатылған білте қатты қызуы және қозғалтқышты бүлдіруі мүмкін. Ешқашан оталдыру тетігін жарамайтын қызу ауқымымен қолданбаңыз. Тек ұсынылған білтелерді немесе олардың аналогтарын ғана қолданыңыз.

САҚТАУ

1. Бензинді генераторды 0°C -тан $+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі қоршаған ортаның температурасында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын балаларға және жануарларға қолжетімді емес жердер сақтау керек.
2. Бензинді генераторды 2 айдан кем уақыт сақтау кезінде таза бензинмен құю және оған сақтау мерзімін ұзартуға арналған кондиционерді қосу қажет болады. Бір жылға дейін және одан да көп уақытқа сақтау кезінде тұндырғыны және карбюратордың қалтқылы камерасына қосымша құю қажет.

БІР ЖЫЛДАН АСА УАҚЫТ САҚТАУ

1. «Сақтау» бөлімінің 2 тармағында сипатталған әрекеттерді қайталаңыз.



2. Цилиндрге ас қасық машина майын құйыңыз.
3. Майды тарату үшін қозғалтқышты бірнеше айналымдарға айналдырыңыз.
4. Оталдыру білтесін қайта орнатыңыз.
5. Кедіргіні сезінгенше дейін старттердің тұтқасын ақырындап тартыңыз. Осы сәтте поршень қысу тактісі бойынша жоғары көтеріледі, және қос клапандары – енгізу және шығару – жабық болады. Қозғалтқышты осы күйде сақтау оны ішкі коррозиядан қорғауға көмектеседі.



6. Старттердің тегершігіндегі науаны старттердің жоғары бөлігіндегі саңылау бойынша тегістеніз.
7. Сақтаудан шығарудан кейін тұрып қалған бензинді жарамды контейнерге төгіңіз және іске қосу алдында тазасын құйыңыз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Пайдалануға жарамсыз бұйымды кәдеге жарату кезінде қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін барлық шараларды қолданыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен кәдеге жаратуға тырысу жөн болмайды. Арнайы қызметке жүгіну ұсынылады.

ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ

Бұл өнім барлық талаптарын сақтаған кезде, осы пайдаланушы нұсқаулығын тиіс атқара кемінде 3 жыл болуы тиіс. Өндіруші-Фирма құқығын өзіне қалдырады конструкциясына және жинақтауды керек емес нашарлататын пайдалану тауар сапасы.

САҚТАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жуғышты табиғи желдетілетін жабық бөлмеде, балаларға қолжетімді емес орында, 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында және 80%-ға дейінгі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы шарттарында сақтау керек.

КЕПІЛДІК ШАРТТАР

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығын және дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонының дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

1. Кепілдік міндеттемелер сатып алынған күні, сериялық нөмірі, сауда ұйымының мөрі (мөртабаны), сатушының қолтаңбасы көрсетілген кепілдік талоны дұрыс толтырылған кезде ғана жүзеге асырылады. Сізге дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған жағдайда біз Сіздің аталған ұйымның сапасы бойынша шағымыңызды қабылдамауға мәжбүр боламыз.

2. Түсінбеушіліктерге жол бермеу үшін бұйыммен жұмыс жасауды бастама-

стан бұрын Сізден пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығуды өтінеміз.

3. Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуға ғана арналғандығына аударамыз.

4. Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы аталған кепілдік шарттардың құқықтың негіздемесі болып табылады, атап айтқанда, «Тұтынушылардың құқығын қорғау» Федералды заңының соңғы редакциясы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі.

5. Бұйымға кепілдік пайдалану мерзімі 12 айды құрайды. Бұл мерзім бөлшектік желі арқылы сатылғаннан күнінен бастап есептеледі.

6. Біздің кепілдік міндеттемелер тек кепілдік мерзімнің ішінде анықталған ақаулықтарға және дайындаушы-кәсіпорынның кінәсі бойынша жол берілген өндірістік, технологиялық және құрылымдық ақауларға ғана таралады.

7. Кепілдік міндеттемелер келесілерге таралмайды:

7.1. Бұйымда келесідей жағдайлардың нәтижесінде пайда болған ақаулықтарға:

- қолданушы арқылы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқамалардың сақталмауы;

- сыртқы және кез келген басқа да әсерлер арқылы шақырылған механикалық бүлінулер;

- бұйымды тағайындалу бойынша қолданбау;

- жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, қуат беруші электр желілері параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмауы секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлер;

- өндіруші арқылы ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтарды, шығын материалдары мен қосалқы бөлшектерді қолдану;

- бұйымның ішіне бөтен заттардың түсіп кетуі немесе желдетуші саңылаулардың

көп мөлшердегі шаң, лай және т.б. секілді қалдықтардан бітеліп қалуы.

7.2. Уәкілетті емес тұлға арқылы ашылған, жөнделген немесе түрлендірілген бұйымға.

7.3. Бұйымда лайықсыз пайдаланудың немесе сақтаудың салдарынан пайда болған ақаулықтарға:

- бұйымның металл элементтерінде тоттардың болуы;
- коллекторда қышқыл тотықтардың болуы;
- желелік кабельдің үзілуі мен тілінуі;
- корпустың.

7.4. Электрлі қозғалтқыштың немесе басқа тораптар мен бөлшектердің істен шығуларына әкеліп соқтыратын бұйымның асқын жүктелуінің нәтижелерінде пайда болған ақаулықтарға.

Асқын жүктелудің сөзсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның бөлшектері мен тораптарының деформациялануы мен балқуы;
- коллекторда немесе бұрыштық шөткелерде қақтардың пайда болуы;
- ротор мен электрлі қозғалтқыш статорының бір уақытта істен шығуы;
- сымдар оқшаулағыштарды қарауы немесе күйі.

7.5. Шығын матери-алдарына, ауыстырмалы бөлшектерге.

7.6. Оқылатын сериялық нөмірі жоқ бұйымға.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа және одан жеткізудің соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның қаражатының есебінен жүзеге асырылатындығына аудартамыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы мен дұрыстығын тексеруді, сонымен қатар кепілдік талонның дұрыс толтырылуын талап етіңіз.

Авторландырылған сервистік орталықтарда ауыстырылған бөлшектер мен тораптарға 3 ай кепілдік беріледі. Құралға кепілдік жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта ғана жүргізіледі.

Дайындаушы-фирма сатып алушылардың назарын бұйымды жеке мұқтаждықтары аясында пайдалану кезінде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерін сақтау бұйымның қызметтік мерзімі осы нұсқаулықта көрсетілген мерзімнен айтарлықтай асып кетуі мүмкін екендігіне аудартады.

Дайындаушы-фирма өзіне тауардың сапасын нашарлатпайтын құрылымы мен жиынтығына өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе **www.kolner-tools.com** сайтынан білуге болады.

Импортер/шағымдарды қабылдауға уәкілетті ұйым : «СОЮЗ» ЖШҚ
Мекен-жай: 432006, Ресей, Ульяновск қ.,
Локомотивная көш., 14.

Дайындаушы: ТАЙЧЖОУ ХУАНЫНГ
ЭЛЕКТРИК АНД МАЧИНЕРИ КО., ЛТД
(TAIZHOU HUANYANG ELECTRIC AND
MACHINERY CO., LTD.)
Мекен-жай: ДЖИАНГЖИА ВИЛЛАДЖ,
ЗЕГУО ТОВН, ГОРОД ВЭНЬЛИН,
ЧЖЕЦЗЯН, ҚЫТАЙ (JIANGJIA VILLAGE,
ZEGUO TOWN, WENLING CITY, ZHEJI-
ANG, CHINA)

ҚХР жасалған.

Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыс нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның топтамдағы реттік нөмірі.



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Генератор	Бір фазалы, өздігінен қозушы
Қозғалтқыш	Бір цилиндрлі, 4 тактілі
Қозғалтқыштың қуаты	7 л.с.
Қозғалтқыштың көлемі	212 см ³
Бос жүрістегі айналымдар	3600 айн/мин
Шығыс кернеу /Жиілік	220 В ± 10% / 50 Гц
Атаулы шығыс қуат	2700 Вт
Максималды шығыс қуат	3000 Вт
Тұрақты кернеу	12В (8,3А)
Қуат коэффициенті (cos φ)	0,9
Отындық бактың сыйымдылығы	15 л
Май картерының сыйымдылығы	0,6 л
	Бензин АИ-92
Май	SAE класы: 10W-30, 10W-40. Сұрыбы API: S
Салқындату тәсілі	Ауа
Үздіксіз жұмыс жасау уақыты	8-10 сағат
Кернеуді реттеу жүйесі	Автоматты
Тұтандыру жүйесі	ТСІ
Іске қосу жүйесі	Қол стартер
Май деңгейін апатты бақылау жүйесі	Бар
Қызметтік жүйесі	3 жыл
Габариттік өлшемдері	585x425x420 мм
Салмағы	38 кг